



ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ КИНОСЫНДАҒЫ НЕОМИФОЛОГИЗМДЕР ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

Мурат, Холганат¹, Алма Айдар¹

¹Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
(Алматы, Қазақстан)

Аңдатпа. Мақалада қазақ киносындағы неомифологизмдердің көрінісі заманауи ғылыми ізденістер мен мазмұндық форма тұрғысынан қарастырылып, қазіргі метомодернизм бағыты контекстінде қарастырылады. Қазақ киносындағы мифологиялық сипатты алғашқы көркемсуретті фильмдердің кадрларынан байқаймыз. Дегенмен, қазіргі кино саласы жаңа уақыт, жаңа технологиялар мен қалыпты түсініктерді өзгеріске ұшырату үдерісіне қарай бағыт алды. Қазақ кино өнері кеңістігіндегі мифологемалар «нео» формасы мен идеясына қарай қайта трансформацияға ұшырады. Бұл күрделі жағдайдың негізгі себептері жаһандық мәдениеттің интеграциясынан туындады. Осы тұста қазақ фильмдері де әлемдік мәдениеттің бір бөлшегі ретінде аталған заңды құбылыстан шет қалмады.

Зерттеуде ұлттық кино саласындағы мифологемалар ХХ ғасырдың тарихи ракурсынан бастау алып, бүгінгі заманауи кезеңге дейін қарастырылады. Сонымен қатар кинодағы қоғам бейнесі түрлі мифтік-сюжеттік өрнектермен нақышталып, тақырыптық-идеялық контент талдау мақсатында зерттеу көзіне айналады. Мәдени кеңістікте болып жатқан өзгерістер алдымен әдеби шығармаларға еніп, кейін мифология мен мифологемалар арқылы пайда болып «неомифологизм» түрінде экранға жол тартты. Зерттеудің мақсаты – заманауи қазақ киносындағы неомифологияның жалпыұлттық немесе жеке тұлғалық интерпретациясын жан-жақты қарастыру. Интерпретация «түсінік беру» дегенді білдіреді. Мысалы, музыкадағы интерпретация кез келген шығарманы өңдеушінің немесе орындаушының түсінігін ескере отырып өңделуі мүмкін.

Зерттеу мақаланың негізгі бөлімінде заманауи қазақ киносындағы мифологиялық мазмұнға ие көркемсуретті фильмдер бір ғылыми жүйеге топтастырылып, ондағы неомифологизмдер отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерімен салыстырмалы түрде талданады. Шетелдік зерттеушілер Артур Шопенгауэрдің, Павел Гринцер, Зигмунд Фрейд, Джан Нансидің мифтік көзқарастары мен тұжырымдары салыстырмалы сипатқа ие болады. Кинорежиссер Ермек Тұрсыновтың «Шал» (2016), Сәбит Құрманбековтың «Оралман» (2019), Ақан Сатаевтың «Томирис» (2015) сияқты фильмдеріндегі неомифологияның элементтері фольклорлық, мифологиялық, философиялық-тарихи бейнелер негізінде сипатталады. Мәселен, «Шал» фильміндегі қасқыр туралы аңыздың неомифологиялық көрінісі қазақтың рухани құндылығының маңызын аша түседі.

Зерттеуде тарихи-этнографиялық, кинотанушылық, өнертанушылық, мәдениеттанушылық, салыстырмалы-талдамалық, сондай-ақ эмпирикалық, теориялық және әдіснамалық әдістер

қолданыс тапты. «Неомифологизм» терминін зерттеген қазақстандық ресейлік, шетелдік авторлардың еңбектері әр тарихи кезеңдер бойынша сараптамадан өткізілді. Ғылыми мақаланың нәтижелері кино өнеріндегі неомифологияның көрінісі туралы зерттеу жүргізетін отандық және халықаралық өнертанушы ғалымдар мен кинотану саласының мамандарына арналады.

Түйін сөздер: аңыз, мифологема, неомифологизм, заманауи өнер, концептуализм, эстетика, интерпретация, қазақ киносы, әдебиет, модернизм, метамодернизм, беталыс, үдеріс.

Дәйексөз үшін: Мурат, Холганат және Алма Айдар. «Заманауи қазақ киносындағы неомифологизм интерпретациясы». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 8, №4, 2023, 133-150 б., DOI: 10.47940/cajas.v8i4.745.

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейді.

Кіріспе

Қазақ халқының сан ғасырлық өнері мен мәдениетіне кино саласы кешеуілдеп қосылғаны барлығымызға мәлім. Кинофикация немесе ұлттық кино өнері біздің мәдениетімізге ХХ ғасырдан бастап енгізіле бастады. Сонымен қатар қоғамдық-саяси жүйенің құрлымы да түбегейлі өзгеріске ұшырады. Қазақ халқының көшпелі өмір салтынан отырықшы өмірге қарай аяқ басуы қалалық мәдениеттің қалыптасуына ықпалын тигізді. Мәселен, ұжымдастыру, мүлік тәркілеу, ашаршылық, репрессиямен қатар ел өмірінде түрлі мәдени өзгерістер де орын алып жатты.

Кино өнері әлемдік деңгейдегі ең көп сұранысқа ие өнер түрлерінің бірі болса, кинематография ұлттық өнер салаларының алдыңғы легін құрайды. Кинематография — ел өркениеті мен рухани мәдениетінің басты көрінісі іспеттес. Себебі кино өнері — қоғамдағы күнделікті болып жатқан құбылыстар мен үрдістерді жан-жақты бейнелеп, өмірдегі түрлі оқиғалар мен адамзат тағдырын суреттеп береді. Сондай-ақ киноны мемлекеттің шынайы болмысы мен ұлттың тарихын айқын жеткізе алатын құралдардың бірі деп танымыз.

Қазақ киносының даму жолдарында «неомифологизм» көрінісі мифологиялық ойлаудың, мифологиялық бейнелерге, кейіпкерлерге иек артудың мысалдары ретінде көзге түседі. Кино өнері ертедегі және классикалық аңыздарды көркем туынды құрылымына батыл енгізе отырып, оларды трансформациялау, стилизациялау арқылы жаңаша мән үстеуге деген ізденістерімен айрықшаланды (Ногербек 78). Миф поэтикасы қазіргі әлемді ауқымды мүмкіндіктер арқылы түрлі бейнелеулермен байытып, қолданыстағы мәдени метафоралар мен ассоциациялар қорын кеңейтеді.

Постмодернизм әдебиетіндегі Интертекст ретінде миф пен неомиф поэтикасын түсіну мәселесі, қазіргі әдебиетте мифтерді қолданудың сипаты мен принциптерінің өзгеруі, қазіргі ғалымдар осы және басқа мәселелерді өз зерттеулерінде қарастырады, бұл осы зерттеулердің өзектілігі мен ғылыми қызығушылығын көрсетеді. ХХ ғасырдағы Постмодернизм мен бұқаралық әдебиеттің әсерінен миф қайта түсіндіріледі, мұнда миф автордың шығармаға кейіпкерлерді енгізу әдісі немесе автордың ниетіне сәйкес келетін шартты шындық бола алады.

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында «неомиф» Постмодернизм дәуірінің жоғары интеллектуалды өніміне айналды, онда «авторerefлексия» және «өзін-өзі сипаттау», философия, ғылым және өнер синтезі бар және сонымен бірге әрдайым шындықпен тығыз байланысты, тек фантастикалық болжаммен сәл өзгертілген жағдайда көрініс береді (Барт 66). Неомифологияға Джеймс Джойс, Томас Манн, Франс Кафка және Габриэль Гарсиа Маркес сияқты шетелдік ғалымдар дәстүрлі мифтердің мағынасын күрт өзгерте отырып, мифтік шығармашылыққа, яғни поэтикалық рәміздердің түпнұсқа тілін құруға жүгінді. Джеймс Джойс — әйгілі ирланд жазушысы, журналист, ағартушы, ақын. Джойс модернизмнің өкілі және «Дублиндер», «Финнеганды еске алу» және «Улисс» шығармаларының авторы болды.

«Улисс» жазу кезінде жазушы арнайы әдеби құрылғыны — сана ағымын қолданады. Сондай-ақ еңбек әзілдерге, пародияларға толы болды. Мұның бәрі шығарманың кейіпкерлерін мүмкіндігінше сенімді түрде көрсету үшін жасалды. Джеймс Джойс Гомердің «Одиссеясының» кейіпкерлері Одиссея, Пенелопа және Телемаханы өз шығармасына көшірген болып шықты. Ал неміс ғалымы Томас Маннның «Таңдамалы» («Избранник») шығармасы — ортағасырлық әңгіме стилінде жазылған ең нәзік, қызықты және сонымен бірге аңыздық философиялық өнімдердің бірі болды.

Сонымен бір кездері шығарма кейіпкерлері Фландрия мен Артуа герцогы бірге өмір сүрсе де балалары болмаған деседі. Бірақ бір күні Құдай (мүмкін шайтан) жұбайларына мейірімділік танытып, герцогиня егіздерді дүниеге әкеледі. Олар жасырын түрде бір-біріне ғашық болып, осы қорқынышты күнәнің жемісіне — Грегориус есімді ұлға өмір сыйлайды. Олар көптеген оғаш оқиғаларды бастан

өткеріп, көптеген жаман және жақсы істер жасап, «қасиетті күнәкар» деген лақап атпен танымал болады... (www.litres.ru).

Нобель сыйлығының лауреаты Томас Маннның бұл кітабы — әйгілі «Сиқырлы тау», «Будденброк» және «Доктор Фаустус» кітаптарынан мүлдем өзгеше. Әрі мазмұны мен стилі бойынша ерекшеленеді. Шығармада күшті реализмнің немесе басқа дүниенің орнына ортағасырлық мифтік аңыздар мен әндер орындалады. Ал басты кейіпкерлер болса күнә жасап өкінумен болады. Бұдан түйетін ой негізгі және әдемі дәйексөздердің бірі «адамның жаны қаншалықты ауырса да, оның көздері кем дегенде бір сағат бойы таза өкінішпен суланса, ол құтқарылады» деген мифтік аңызға құрылады.

Шығарманың негізгі әрекеті басты кейіпкерлердің санасында жүзеге асырылады, ал кітапта ежелгі грек мифологиясының сыртқы бөлшектермен толықтырылған сюжеттері көп кездеседі. Бұдан басқа шетелдік ғалымдар Артур Шопенгауэрдің, Павел Гринцер, Зигмунд Фрейд, Джан Нансидің мифтік көзқарастары мен тұжырымдары салыстырмалы сипатқа ие болады.

Орыс және қазақ әдебиетіндегі неомифологизм мен интертекстуалдылықты зерттеу тұрғысынан Виктор Пелевин мен Дюсебек Накиповтың мәтіндері айқын көрінеді. Олардың «күл шеңбері» және «Қасқырдың қасиетті кітабы» романдарының мысалында, әсіресе поэтика тұрғысынан жақын, сюжеттік желілерді, бейнелер мен мотивтерді және т. б. дамыту векторлары тұрғысынан олардың дүниетаным моделінің әдеби көрінісі қалай дамып, қалай алынатынын түсінуге болады, осы жазушылардың шығармашылығын ғана емес, сонымен бірге Қазақстан мен Ресейдегі постмодернизмнің постмодерндік тенденцияларын да кең өрісті де бағалауға болады. Миф пен Интертекст

контекстіндегі постмодерндік әдеби мұраны салыстырмалы түрде зерттеуге басқа авторлар да жүгіне бастайды. Мысалы, Күміс дәуірінің ақындары, сондай-ақ қазақ авторлары Мағжан Жұмабаев пен Бернияз Құлеевтің материалдары негізінде отандық және орыс поэзиясындағы мифтің сабақтастығы Жанат Аймұхамбеттің монографиялық зерттеулерінде кездеседі (Абаганова 44).

Ежелгі мифтерде сол кездегі халықтар әлемінің суреті, алғашқы хаостан әлемдік тәртіптің пайда болу тарихы, құдайлар мен батырлардың немесе тарихи тұлғалардың өмірбаяны ашылды, халықтық әдет-ғұрыптарға түсініктеме берілді. Мифтердегі фантастикалық, ойдан шығарылған барлық нәрсе шындықты жалпылау болды (Жанысбекова 33), бұқаралық санада құндылық көзқарастарының қалыптасуына ықпал етті. Осының арқасында миф кейінгі дәуірлерде дінде, өнерде, саяси идеологияны құруда кең таралды.

Кешегі қазақ кино өнерінің классиктері қалыптастыра алған мифологиялық ойлау жүйесі қазақ фольклорлық мұраларынан нәр алып, өз ізін жоғалтқан жоқ. Керісінше, дәстүрлік жаңа мазмұнға ие болып, реалистік бағыттың аясынан табыла бермейтін сипат алды. Енді аңыздық түпнұсқалар, мифологиялық кестелер тарихи-реалды уақытқа негізделген түрде ғана емес, кино логикасынан бөлектеніп, автономдық мағынасын күшейте бастады. Сонымен қатар мифологияланған образдар архаикалық сананың қайта жаңғыруы ғана емес, түрленуі кейпінде көрініс тапты. (Қазақ өнерінің тарихы 115).

Тәуелсіздікке дейін де, тәуелсіздіктен кейін де қазақ кино өндірісінде мифологиялық қаһарман жасау әдісі тоқтап қалған жоқ. Аңыздардағы мифтік бейнелерді тірілтіп, халықтың арасына қосу отандық режиссерлердің асқан шеберлігінің арқасында жүзеге асып

отырды. Мұхтар Әуезовтың атақты повесінің желісімен түсірілген Толомуш Өкеевтің «Көксерек» фильмінде қасқырдың адамдар арасындағы тіршілігі кеңінен сипаттала отырып, табиғат пен адамның үйлесімі айқын көрініс табады. Кіршіксіз адам көңілінің опасыздыққа ұшырауы фильмде айқын байқалады. Бұл мифтік ескі таным түсініктің ортамызға оралуынан хабар береді. Қазақтың ежелден бергі келе жатқан таным-түйсігінде Қасқыр-Құдай деңгейіне дейін көтеріліп, Ашинаны ана санаған кезіміз де болған. Бұған зерттеуші әрі кинотанушы ғалым Бауыржан Нөгербек пен Баубек Нөгербектің «Қазахское кино игровое кино: экранно- фольклорные традиции и образ героя» кітабындағы: «Қасқырдың бейнесі мифологиялық кейіпкер — тотем ретінде емес, қоғамның экологиялық және моральдық мәселелерін білдіретін кейіпкер ретінде бейнеленген» деген пікірлері дәлел бола алады (Нөгербек 75).

Режиссер Толомуш Өкеевтің «Көксерек» фильмі сөзсіз құнды шығармалардың бірі болды. Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан кейін неомифологизмдік сипатқа ие бірнеше кино жарық көрді. Солардың арасында Ермек Тұрсыновтың «Шал» киносының орны ерекше. Бұл киношығармамен «Көксеректің» идеясы тым шалғай екендігі анық болса да, қасқыр мен адамның, сондай-ақ табиғат пен адамның арасындағы мәңгілік тақырып қайта қауышып отыр. Режиссер Ермек Тұрсынов киноның негізгі идеясын адам психологиясымен байланыстыруға тырысады. Шындығына келгенде адамзаттың табиғатқа тигізген орасан зор зиянының кесірінен табиғат пен адам арасындағы достықтың жоғалуы басталады. Екіұдай ойда қалдыратын бұл киноның басты кейіпкері — өз даласында өзі адасқан кәдуілгі қазақтың қарапайым қарт кісісі. Бұл жерде философиялық ойларға жетелеу басым келеді. Неге десеніз, режиссердің

көксеп тұрған идеясы тек адам мен табиғат арасындағы байланыс емес, тарихынан ажырап бара жатқан қазақтың өзінің кейпі болмақ. Киноның интерпретациясы көрерменді шексіз ойларға жетелейді. Бірақ ғылыми шешім нақтылықты қажет ететін болғандықтан, кейіпкерлерге психоанализ жасау қажет. Осы ретте қазіргі қазақ киносындағы неомифологизмнің интерпретациясына тоқталып, кейіпкерлерге психоанализ жасау үшін келесі міндеттерді ұсынамыз:

- заманауи қазақ кино өнерінің неомифологиялық кезеңіндегі басты кейіпкерлерге психоанализ жасау;
- ХХІ ғасырдағы неомифологизмнің көркемдік-эстетикалық құндылықтар жүйесіндегі орны мен рөлін айқындау;
- қазіргі қазақ киносындағы неомифологизмдік сипаттағы шығармаларға интерпретация жасау.

Зерттеу әдістері

Қазіргі қазақ кино өндірісінің көрінісін, оның поэтикалық элементтерінің қолдану ерекшеліктерін зерттеу және неомифологиялық сюжетті кинолардың сипатын талдау барысында тарихи-салыстырмалы әдістер, интертекстуалдық-құрылымдық, семиотикалық-герменевтикалық талдау әдістері ғылыми басшылыққа алынды. Интерпретацияның жасалу жолдары да назардан тыс қалмайды.

Кино өнері мен оның эстетикалық қырларын зерттеуде Вальтер Беньяминнің, Эллиот Аронсонның, Теодор Адорноның, Жиль Делездің зерттеу тәсілдерін қолдану маңызды болды. Кеңестік дәуірді зерттеуші отандық кинотанушылар Қабыш Сиранов, Гүлжан Құрманғалиқызы, Әли Әбдікәрімұлы, Күлшара Айнағұлова, Камал Смайылов, Раушан Оспанованың т.б. еңбектері мен зерттеулерін атап өткен жөн.

Ал тәуелсіздік жылдарындағы қазақ киносын зерттеген ғалымдардың

қатарында Бауыржан Нөгербек, Гүлнар Әбікеева, Назира Мұқышева, Гүлнар Мурсалимова, Инна Смаилова, Баубек Нөгербек және т.б. ғалымдардың еңбектері мен ғылыми құнды деректерін ерекше деп тануға болады.

Кино өндірісіндегі неомифологизмнің орынды сипат алуы бейсаналы түрде болуы тиіс. Автор мен режиссердің арасындағы әдеби байланыс, өз нәтижесін бергеннен кейін ғана зерттелуге түссе ғана еркіндіктің лебі байқалатын болады. Мысалы, Ақан Сатаевтың «Томирис» фильміндегі режиссерлық шешімге талдау жасасақ, онда «бір биікті көтеремін деп бір тауды аласарту» идеясы кездеседі. Томирисің жеке психологиясы да ерекше тақырып. Томирисің түпкі шешімдеріне әсер еткен үлкен құбылыс, ол — оның басынан өткізген трагедиялық жолы.

Зерттеудегі тарихи-салыстырмалы әдістің ең негізгі міндеті кино түсірілгенге дейінгі бір шығармамен не оқиғамен қатар алып суреттеу. Бұл ретте «Шал» мен «Көксерек» жақсы мысал болады. Дегенмен олардың бәрі бірдей кеңестік тарихи-революциялық киноның идеялық, көркемдік-эстетикалық, тақырыптық ұстанымдарына жауап береді деуге болмайды.

Интертекстуалдық әдісте диалогтардың кейіпкерлердің бейнелеріне қаншалықты үйлесетінін қарастырамыз. «Оралман» фильміндегі кейіпкерлердің философиялық диалогтары шығарманың негізгі идеясын ашуға жетелейді. Отанын аңсаған қандастарымыздың ащы шындығы осы фильмде шынайы бейнеленеді.

Пікірталас

Қазақ өнеріндегі мифологияның орны халықтың ежелден келе жатқан таным-түсінігіне байланысты екені белгілі дүние. Себебі мифтердің адам санасына орнығуына жылдар бойы адамзатпен бірге жасасып келе жатқан түрлі рәсімдер

мен діни жөн-жоралғылары әсер етті. Ол туралы атақты орыс ғалымдарының бірі Юрий Боревтің зерттеу еңбегінде: «Мәдени тұрғыдан алғанда, мифтің шығу тегі рәсіммен тікелей байланысты, бірақ ол одан кейін пайда болғандықтан, өз тегінен елеулі айырмашылығы бар» (Борев 114), - деп жазылған.

Мифологияның уақыттарға тәуелділігі де ғасырлардың өзгерістерге ұшырауына байланысты болады. Біз білетін адамзаттың ұлы қазынасы саналатын мифология жаңа сипатқа ие бола бастаған сайын, заманның зерттелуі тиіс өнер құбылыстары арта түседі. Жаңа мифология, яғни неомифология адамзаттың асыл құндылықтарына «жаңашылдық» бағыт алып келді. «Жаңашылдық» деген, бұл — өзіне дейінгі болған құбылыстарды жоққа шығару емес, жеткізілу формасының өзгеруімен ғана айырмашылық сезіледі. Оның тереңнен тамыр тартқан тарихи-танымдық сипаты мол болып келеді.

Режиссер Ақан Сатаевтың «Томирис» фильміндегі басты рөлдегі қыздың бейнесі қазіргі таңдағы талай қызға үлгі боларлықтай бейне десек қателеспейміз. Киноның басынан соңына дейін Томирисің ту сыртынан аңдып жүрген киелі жолбарысты жақсылықтың символы деуге келе қоймас. Біздің ұлттық түсінігімізде қанатты жолбарыс елдік пен егемендіктің сипаты іспеттес еді. Ал кинода бұл мифке басқа қырынан тоқталған. Шындығына келгенде, ескіні қайталау деген қатып қалған қасаң қағида емес, десе де, қарама-қайшы бағыттардағы пікірді ұсыну үшін де үлкен ержүректілік керек. Кинода жаңа замандағы жаңа тенденциялар мифтік үйлесіммен ұштасып отырады. Осы орайда зерттеуші Юрий Любимовтың «Батыс Европа өнері» кітабында: «Адам жан дүниесін басқа құштарлықтар билеп алатын дәуірлер де кездеседі. Ондайда өнер құдіретімен асқақ сезімге бөленуді қажетсінбей, ақыл-ойды нәрлендірмейтін материалдық игіліктерге ден қоюдан

көбірек ләззат алады» (Любимов 45) деп тұжырым жасалған.

Бұл турасында зерттеуші Ғазиз Өлдұлы: «Кинокартинаның өн бойынан көріп отырғанымыздай дүниеге нәресте келсе де, той-думан болса да, жорыққа аттанар алдында да Тәңіріне жалбарынып тілек тілейді. Тіпті кейбір эпизодтарда күрделі іс-әрекеттер бақсының қимылымен қатар өріліп отырады. Сол дәуірдегі тәңірлік дінді шаманизммен салыстыруға келмейді, екеуінің арасы жер мен көктей. Тәңірлік дін біздің ата-бабамыздың ежелден ұстанған діні, бұл дінің негізгі қағидасы — көктегі Тәңір біреу, оған жететін құдіретті күш жоқ деген нық сенім әрбір адамның таным-түйсігіне берік ұялаған. От, су, жер — қасиетті дүниелер. Отпен аластау шаманизмнің белгісі деп жүр. Бұл — Тәңірлік діннің қағидасы. Тәңірлік дінде айта берсе көп дүниелер бар, оның бәрін бір киноның аясына жапсыра беру жараспас. Кинода Тәңірлік діннің негізгі қағидасын алғаны көркемдік тұрғыдан ұтымды шықты» (15), — дейді.

Томирисің неомифологиялық сипатының негізі мән-мағынасын ашу, яғни интерпретациясын ұғыну мақсатында әлемдік деңгейдегі ғалымдар да үлес қосқан. Кейіпкер қызымыз Томирисің тағдырдың талай қиындығын көрсе де, өзінің ішіндегі өжеттілік сезімін өлтіріп алмауында да үлкен сыр бар. Бұл ерік-жігердің оның бойынан кете қоймағанының бір себебі — түсіне ылғи да қанатты арыстанның кіріп, үнемі қорқынышпен қайрап отыруы. Негізінен алғанда, Тұмар патшайымның қиындық атаулының барлығын жеңіп келуіне де сол әсер еткен. Түстер этимологиясына барсақ, қанатты жолбарыстың необейнесіндегі түс — қара түс. Ұлттық танымымыздағы жолбарыстан өзге қара түс қорқыныш пен ұлы ойлардың көрінісі емес пе? Осылайша символикалық әсер ету әдісі кинода жақсы сомдалған.

Ермек Тұрсыновтың «Шал» фильмі — сөзсіз өз заманының саяси

көзқарасына ашық түрде қарсы шыққан кино. Өз даласында өзі адасқан қазақтың ақсақалы. Қазақтың рухани таным-түсінігіне қарсы шыққан кино жаңа мифологиялық сипаттан да қашық емес. Қасқырды тотем деп ұғынған халықтың танымына жаңаша ой келеді. Қарт бойындағы қайсарлық пен қасқыр бойындағы қайсарлықтың ассоциациясы жақсы үйлесім тауып отырады. Екеуі де өз бостандығы үшін күресіп жүрген тән иелері. Бірақ та, қабылдап отырған көрерменге нейтралды көзқарас таныту қиынға соғары анық. Киноның жүгін көтеріп тұрған осындай ауыр сюжеттер легін ашуға режиссер Ермек Тұрсыновтың үлкен батылдық танытқаны байқалады. Осы тұста көпшілік психологиясы туралы зерттеген Зигмунд Фрейдтің пікірлері орынды болмақ: «Бірегейлену — психоанализде басқа адамға эмоциялық тұрғыдан байланудың ең алғашқы көрінісі» (Әдебиет теориясы 230). Бұл фильмнің негізгі идеясы — адамзат пен табиғаттың арасындағы кереғар қатынастар, адам психологиясы. Қоғамның шынайы көрінісі кинода анық көрсетіледі.

Жазушы Мұхтар Әуезов шығармаларындағы табиғатты қалай кейіпкер етіп санасақ, бұл кинодағы қасқыр да сондай кейіпкер. Шалдың өжеттілікке сүйенсе де, қасқырмен қанша соғысса да оның ішкі жан дүниесі қасқырға қарсы емес. Дала тағысының өз бостандығы үшін күресіп жүргенін ол қарт кісі біліп тұр. Бұл жерде дала философиясының өзіндік өрнегі шыға келеді. Түптеп келгенде, неомифологияның өзі мифологиядан таралып шыққандығы байқалады.

Белгілі режиссер Сәбит Құрманбековтың «Оралман» киносы — қазіргі заманның үлкен трагедиялық сюжеті. Фильмде Отанын аңсаған отбасының арман жолындағы күресі суреттеледі. Ауғанстаннан елге қайтқан Базарбай қарттың отбасы негізгі аңсаған арманы туған жерге оралу болғанымен,

Базарбайдың басты арманы елінде жерлену еді. Қазақтың Жер-Анаға сиыну мотиві бұл фильмде толығынан көрініс тапқан. Отанына оралған сәтте Базарбай ақсақалдың жерді сүйюі үлкен мифологияға саяды. Мифология — ежелгі заманнан келе жатқан және адамзат өркениетінің даму процесінде үнемі дамып келе жатқан рухани құндылық. Мифологиялық ойлау дәуірінде мифтік сана табиғаттағы ақыл-ойдың ұлы рухы ретінде танылғаны белгілі.

Неомифологияның негізгі сипаты өткенмен байланысты болып, ХХ ғасырдың басында өзгеше сипат ала бастады. Мифтерді заманның мәдени жетістіктерін сипаттауда қолдану сарыны басталып кетті. Бұл әдебиеттің жаңа сипат алуымен тікелей байланысты өрбіді. Оған ХХ ғасырдың басталуымен қазақ әдебиетіне әсер еткен Батыс Еуропа әдебиетінің ықпалы зор болды. Зерттеуші Павел Гринцердің пікірінше: «Миф, связанный с космогоническим ритуалом, имеет достаточно строгие аналогии в ключевых эпизодах эпического сюжета» (Гринцер 124). Осы тұста Зигмунд Фрейд жүйесі бастапқыда қолданылып, өнерде танымал болғанымен, психоанализді қолдану аясы кеңейгенін атап өткен жөн. Алайда, біз басты кейіпкердің психологиялық бейнесін анықтау үшін Зигмунд Фрейдтің негізгі теориялық зерттеулерін ғана қолданамыз. Бұл қазақ әдебиетінің өзгеруіне, модернизациялануына әкелді. Соған сай сценарийлер де жаңаша сипатқа ие болды. Заманның өз кейіпкерлері мен өз философиясы пайда болды. Диалогтардың, сюжеттердің өзіндік сипат алуы бәрі бір-бірімен байланысты.

«Оралман» фильміндегі жерлеу рәсімінде де қазақтың барлық ырым-тыйымдары біріктірілген. Адамдардың жеке-даралығы мен бір-біріне ұқсамайтындығы соншалық, олардың арасында қарым-қатынас жасау мүмкін емес, сондықтан әрқайсысы

жалғыздыққа душар етілген. Адам өзімішлі эгоорталықпен түйықталған, өз абыройын асқақтату жолында өзі үшін өмір сүреді. Сондықтан өмірді өлім өшіріп тастайды. Өлім өзі үшін және өз абыройы үшін өмір сүретін тұлғаны із-түзсіз өшіреді. Бұл адамды өз ортасына оқшаулап, адамзат тарихының сабақтастығын бұзады. Киноның соңғы бөліміндегі кішкентай қыздың қайтадан тілінің шығуын да тылсым құдіреттің әсері деп ұғуға болады. Ал Сапарбектің психологиялық тұрғыдағы қайсарлығы киноның басынан соңына дейін көрінеді. Жолға шыққанда-ақ Сапарбек туған жеріне апарып әкесін көмемін деген ойды арқалайды. Сол оймен отанына оралып мешіт салады, отандастарының арасында «оралман» болып күн көреді. Қорыта айтқанда, Кеңес үкіметінің салқын саяси шешімдері қазақтарға жақсылық алып келді деу, толық дұрыс шешім болмайды. Ауғанстаннан келген қазақтарды, жергілікті қазақтардың жау көруі халыққа кері әсерін тигізді.

Нәтижелер

Мақалада қазіргі қазақ киносындағы неомифологиялық сипаттың интерпретациялануы зерттеу көзі етіп алынды. Аталған үш фильмінің де талқылану барысында біз тек сюжетпен шектеліп қалмай, мифологиямен байланысты ой қозғалды. Қазіргі қазақ киносындағы ерекшеліктер кейіпкерлердің психологиялық аспектілерін талдау арқылы әлемнің атақты зерттеуші ғалымдары Артур Шопенгауер, Зигмунд Фрейд және тағы басқа отандық ғалымдардың теориялық-практикалық жұмыстарымен салыстырмалы түрде қарастырылды.

Ежелгі мифпен түсіндірілетін құбылыстардың заманымызда орын алып жатқан осындай көріністері бізді неомифологизмнің жұмбақ сырларына сендіреді. Мысалы, жыландар арқылы берілетін мифтік шығармалар

Үндістанда ерекше орын алды, онда олар азғырулар мен күнәларды емес, денсаулық пен ұзақ өмірді бейнелейді және үнді космогониялық мифтерінің қатысушылары будда мәтіндерінің кейіпкерлері болды (Sinha 111). Әлемнің ежелгі адами түсінігінен туындаған мифтік бейнелер қазіргі киноларда көркемдік мақсатта қолданылады, нәтижесінде жаңа заманауи тәсілдер мен жетістіктер пайда болады. Ежелгі мифологиялық мифтер ұлттың дүниетанымын, ұлттық сана мен дәстүрлі мәдениетті, этностың рухани және мәдени өмірін, қоршаған орта идеясын бейнелесе, қазіргі қазақ киносы мифологиялық мифтерді автор идеясына көркемдік көзқарас ретінде жиі қолданады (Жақсылықов 123).

Зерттеу нәтижесінде ХХ ғасыр әдебиетінде нақты бейнелер, ұғымдар мен идеялар әдейі бұрмаланғандығы байқалады, бұқаралық ақпарат құралдарының, теледидардың, әлеуметтік желілердің және жарнаманың көмегімен жаңа пропорцияларға ие болған кезде мифологизацияның ерекше процесі жүзеге асады. Мифологиялық идеялар өзіндік этномәдени негізге айнала отырып, авторлық көркемдікпен көрерменге жеткізіледі. Миф адамзат тарихының алғашқы кезеңдерінде дүниетанымның органикалық түрі болды, содан кейін теологиялық және философиялық көзқарастарда көрініс тапты. ХХІ ғасырда қазақ әдебиетіндегі Төлен Әбдік, Дидахмет Әшімханұлы, Асқар Алтай және Думан Рамазан сияқты проза жанрында қалам тербегендердің авторлық көркем шығармаларында мифология үлгілері көрініс табады. Олардың қолтаңбаларында батыстық постмодернистік ойынды таңбалайтын семиотикалық кеңістіктегі өмірсізденген миф (Джеймс Джойс, Марсель Пруст, Франц Кафка, Герман Гессе, Борхес Луис және басқалар) ұшқындары ғана ұшырасып қана қоймайды. Сонымен бірге арғықазақ мифтерінің

қазіргі қазақ неомифологиясына трансформациялануының көріністері байқалады. Олар өздерінің мифологиялық кеңістіктерінде еркін оймен қазақ қоғамының тыныс-тіршілігін суреттеуге тырысады.

Негізгі тұжырымдар

Кино өнеріндегі классикалық аңыздарды көркем туынды құрылымына батыл енгізе отырып, оларды трансформациялау және стилизациялау арқылы жаңаша мән үстеуге ұмтылыс жасалды;

Әлемнің ежелгі адами түсінігінен туындаған мифтік бейнелер қазіргі киноларда көркемдік мақсатта қолданыс табатындығы дәлелденді;

Ежелгі мифтердің ұлттық дүниетанымының ұлттық сана мен дәстүрлі мәдениетпен байланысы жан-жақты талданды;

Батыстық постмодернистік кезеңді таңбалайтын семиотикалық кеңістіктегі өмірсізденген мифтік сипат Джеймс Джойс, Марсель Пруст, Франц Кафка, Герман Гессе, Борхес Луис сияқты ғалымдардың тұжырымдарымен салыстырыла отырып зерттелді;

Әлемнің атақты зерттеуші ғалымдары Артур Шопенгауер, Зигмунд Фрейд және тағы басқа отандық ғалымдардың теориялық-практикалық еңбектері толыққанды қарастырылды;

Қазіргі қазақ киносының мифологиялық мифтерді автор идеясына қарай көркемдік көзқарас ретінде жиі қолданатындығы тұжырымдалды.

Қорытынды

Кинодағы неомифологизм көрінісі — тұтас бір дәуірдің айнасы іспеттес. Осы өнерде еркіндікті сезінгендер және нокталағандар бар болатыны заңдылық. Қай қоғамда да, қай дәуірде де бұл құбылыс болған және одан әрі бола беретін құбылыс. Көрерменге не болса соны беріп, талғамын төмендетіп,

өнерді арандатпауға, құнын түсірмеуге жанашыр жандардың бірі киногогерлер екені мәлім. Жазушы Мұхтар Мағауин: «Суреткер үшін ең үлкен бақыт — халық ұмытпайтындай, халықтың жадында сақталып қалатындай шығарма тудыру» (117), — дейді.

Ұлттық кино саласындағы мифологемалар ХХ ғасырдың басынан бастап, қазіргі кезеңге дейін қалыптаса бастады. Әсіресе, кинодағы түрлі мифтік-сюжеттік өрнектер жаңашылдық сипатта айқындалып, тақырыптық-идеялық контент құруға барынша ықпал етті. Қоғамдағы мәдени кеңістікте болып жатқан осындай жаһандық өзгерістер біріншіден, әдеби шығармаларда көрініс тауып, кейін мифология мен мифологемалар арқылы пайда болды. Кейін «неомифологизм» түрінде киноэкрандардан көрініс тапты.

Мақалада заманауи қазақ киносындағы неомифологиялық сюжеттер жаңаша интерпретациялану жүйесіне енгізілді. Зерттеу мақаланың негізгі бөлімінде қазіргі қазақ фильмдеріндегі мифологиялық мазмұн жан-жақты талданып, ондағы неомифологизмдер отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми тұжырымдарымен салыстырмалы түрде қарастырылды. Кинорежиссер Ермек Тұрсыновтың «Шал» (2016), Сәбит Құрманбековтың «Оралман» (2019), Ақан Сатаевтың «Томирис» (2015) сияқты фильмдеріндегі неомифологиялық сарындағы фольклорлық, мифологиялық, философиялық-тарихи сюжеттер зерттеу көзіне айналды. Мәселен, «Шал» фильміндегі қасқыр туралы аңыздың неомифологиялық сипаты ұлтымыздың рухани құндылығын арттыра түседі. Кинодағы қасқыр архетипі көптеген көркем мәтіндерде де көрініс тапты. Мысалы, Шыңғыс Айтматов — «Қасқыр Акбар», Джек Лондон — «Ақ азу» шығармаларында қасқыр теріс кейіпкер ретінде сипатталады. Алайда, көп жағдайда көркем шығармаларда орыс

менталитетінің ерекшеліктерін қамтитын мақтаншақ, күшті «Қасқыр архетипі» кездеседі. Мифтер мен фольклорда тотем, қорғаушы, дөрекі күш, табиғи күш ретінде ұсынылады. Мысалы, Қасқыр архетипі әдебиетте физикалық немесе рухани өзгерісті бейнелейді. Сондықтан кинолардың да мазмұны Қасқыр архетипі арқылы күшейе отырып, әртүрлі өзгерістерге ие болады (Помялов 35).

Режиссер Ермек Тұрсыновтың «Шал» фильміндегі қасқырдың мифологиялық сипатын қарастыра отырып, онда фольклорлық архетиптің негізінде жануар туралы этномәдени идеялардың (пұтқа табынушылық, діни) жатқанын атап өтуге болады. Көркемсуретті архетиптің негізі ретінде фильмде автордың фантастикасы, образдың көркемдік-эстетикалық тұжырымдамасы көрініс табады. Режиссер бастапқыда фольклорлық архетипке сүйенеді, содан кейін оны кеңейтеді, өзінің авторлық тұжырымдамасына сәйкес тереңдетеді (Касьянов 34). Қорыта айтқанда, кинодағы неомифологиялық суреткерліктің танымдық қуаты мол. Оның дағдылы шекарасы немесе ақырғы

нүктесі болмайды. Яғни, ешбір көрермен қандай да бір режиссерді, оның қандай да бір туындысын аяғына дейін көріп, таныдым дей алмайды. Әрбір көркем кино қайта көрген сайын жаңа бір қырынан ашылып, адамға тың ой, жаңа сезім береді. Көркемдік таным адамның көзқарасы мен ойымен сабақтас болады. Көркем шығарма арқылы адамның көркемдік танымы ұшталып, эстетикалық сезімі тереңдейді.

Әрбір киносуреткер белгілі ортада қоғамдық жағдайда өсіп жетіледі. Оның дүниетанымы, көзқарасы мен талап болмысы неғұрлым жетілген сайын, оның шығармашылық мұрасының да көкжиегі кең, мән маңызы да терең болады. Кез келген өнер адамы өз заманының перзенті. Оның қалдырған мұралары өткен күндердің ізін айқындап, болашақтың соқпағын салады. Ал, неомифологиялық кинотуындыларды ғылыми тұрғыдан одан әрі бағалау болашақ кинотанушылар мен зерттеушілердің еншісінде болмақ.

Авторлардың үлесі

М. Холганат – зерттеу жүргізу; жұмысты құрастыру; әдебиеттерді және дерек көздерін жинақтау; фильмография құрастыру; мәтінді редакциялау; нәтижелерді тұжырымдау.

А. Айдар – сыни және теориялық талдау; әдебиеттер және дерек көздерімен жұмыс жасау; мәтінді редакциялау; мақала мәтінін жариялауға дайындау.

Contribution of authors

M. Kholganat – research; implanted drafting of the work; collecting of literature and data; compilation of filmography; revision of the text; conceptualization of findings.

A. Aidar – critical and theoretical analysis; work with data and literature; revision of the text; preparation of the article for publication.

Вклад авторов

М. Холганат – проведение исследования; составление работы; сбор данных и поиск литературы; составление фильмографии; редакция текста; концептуализация результатов.

А. Айдар – критический и теоретический анализ; работа с источниками и литературой; редакция текста; подготовка и доработка исследовательской части текста; подготовка статьи для публикации.

Дәйеккөздер тізімі

- Нөгербек, Бауыржан және Назира Мұқышева. Қазақ киносының тарихы. Алматы, Издат-Маркет, 2005, бб. 56–58.
- Нөгербек, Бауыржан. *Кино Казахстана*. Алматы, Национальный продюсерский центр, 1998.
- Нургали, Кадиша. «Художественный мифологизм как явление казахской прозы». *Научный журнал ПГУ имени С. Торайгырова*, 2018, №2, бб. 33–34.
- Барт, Роллан. *Избранные работы. Семиотика. Поэтика*. Москва, 1999.
- Абаганова, Асель. *Неомифологизм и проявление интертекстуальности в постмодернистских произведениях (на материале романов Виктора Пелевина «Священная книга оборотня», Дюйсен Накипова «Круг пепла»)*. Диссертация на соискание степени доктора философии (PhD), twirpx.com>file/3784610/ Дата доступа 02.08.2022.
- Жанысбекова, Эльмира. *Мифологические образы и мотивы в современной казахстанской прозе*. Диссертация на соискание степени доктора философии (PhD), 6D020500. Алматы, 2018. vestnik-philological.tou.edu.kz>storage/articles/...
- Зыбайлов, Леонтий и Виктор Шапинский. *Постмодернизм*. Учебное пособие. Москва, Прометей, 1993.
- Қазақ өнерінің тарихы*. 3 томдық. 2-кітап. Алматы, Өнер, 2009.
- Нөгербек, Бауыржан и Баубек Нөгербек. *Казахское игровое кино: экранно- фольклорные традиции и образ героя*. Алматы, Дәстүр, 2014.
- Борев, Юрий. *Эстетика*. Оқулық. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 2020.
- Любимов, Юрий. *Искусство Западной Европы: Средние века; возрождение в Италии*. Алматы, Арт, 1982.
- Өлдұлы, Ғазиз. «Тұмар патшайымның ақиқат пен аңызы немесе «Томирис» көркем фильмі хақында». *Madeniportal.kz*, 11 наурыз, 2020. <http://madeniportal.kz>articles/753> Қарастырылған мерзімі 02.07.2022
- Хесс, Рудольф. *25 избранных книг по философии*. Алматы, Национальное бюро переводов, 2018.
- Әдебиет теориясы: *Антология*. 2-том. Джули Ривкин мен Майкл Райанның редакциясымен. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 2019.
- Косарев, Александр. *Философия мифа. Мифология и ее эвристическая значимость*. Москва, Знание, 2000.
- Гринцер, Павел. *Эпос древнего мира. Типология и взаимосвязь литератур древнего мира*. Москва, Восток, 1971.

Sinha, Bikash. *Serpent Worship in Ancient India*. London, Scholarly Pub-ns, 1979.

Жаксылыков, Аслан. *Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы: типология, эстетика, генезис*. Алматы, Қазақ университеті, 1999.

Мағауин, Мұхтар. «Ұлттың күре тамыры». *Жұлдыз*, №2 (26), 2015, б. 117–123.

Помялов, Александр. «Сверхооборотень, как авторский способ познание бытия в романе Виктора Пелевина «Священная книга оборотня». *Журнал научных публикаций аспирантов и докторантов*, 2010, №6 (48), с.116–123.

Касьянов, Александр. «Образ «волка» в романе Виктора Пелевина «Священная книга оборотня». *Новый филологический вестник*, 2008, № 2(7), pp. 73–76.

References

- Nógerbek, Baýyrzhan, and Nazira Muqysheva. *Qazaq kinosynıń tarihy [History of Kazakh cinema]*. Almaty, Izdat-Market, 2005, pp. 56–58. (In Kazakh)
- Nogerbek, Bayrzhhan. *Kino Kazahstana [Cinema of Kazakhstan]*. Almaty, National Production Center, 1998. (In Russian)
- Nurgali, Kadisha. «Kórkem mıfoloǵıa qazaq prozasynıń qubılısı retinde» [“Artistic mythologism as the development of Kazakh prose”]. *S. Torayırov PSU Scientific Journal*, 2018, №2, pp. 33–34. (In Kazakh)
- Bart, Rollan. *Izbrannye raboty. Semiotika. Poetika [Selected works. Semiotics. Poetics]*. Moscow, 1999, pp. 131–133. (In Russian)
- Abaganova, Aseı. *Neomifologizm i proyavlenie intertekstualnosti v postmodernistskih proizvedeniyah (na materiale romanov Viktora Pelevina «Svyashennaya kniga oborotnya, Duisen Nakipova «Krug pepla».* [Neomythologism and the manifestation of intertextuality in postmodern works (based on the material of V. Pelevin's novels «The Sacred Book of the Werewolf», D. Nakipov «Circle of Ashes»). Dissertation for the degree of Ph.D., twirpx.com›file/3784610/ Accessed 02.08.2022. (In Russian)
- Zhanysbekova, Elmira. *Mifologicheskie obrazy i motivy v sovremennoj kazahstanskoy Proze [Mythological images and motifs in modern Kazak prose]*. Dissertation for the degree of Ph.D. 6D020500. Almaty, 2018. https://kaznpu.kz/docs/doctoranti/zhanysbekova/Annotation_eng.pdf. Accessed 05.08.2022. (In Russian)
- Zybajlov, Leontij, and Viktor Shapinskij. *Postmodernizm [Postmodernism]*. Tutorial, Moscow, Prometheus, 1993. (In Russian)
- Qazaq óneriniń tarihy [The history of Kazakh Art]*. Volum3, 2-nd Book, Almaty, Oner, 2009. (In Kazakh)
- Nogerbek, Bayrzhhan, and Baybek Nogerbek. *Kazahskoe igrovoe kino: ekranno-folklornye tradicii i obraz geroya [Kazakh feature cinema: screen folklore traditions and the image of the hero]*. Almaty, Dastur, 2014. 75 s. (In Russian)
- Borev, Yuriy. *Estetika. [Aesthetics]*. Textbook. Almaty, National Translation Bureau, 2020. (In Russian)
- Lyubimov, Yuriy. *Iskusstvo Zapadnoj Evropy: Srednie veka; Vozrozhdenie v Italii [The Art of Western Europe: the Middle Age; Renaissance in Italy]*. Transl. Z.Ajtımov, Almaty, Art, 1982. (In Russian)
- Ólduly, Ğaziz. «Tumar patshaiymnıń aqıqat pen ańyzy nemese «Tomiris» kórkem filmi haqynda» [The Truth and the legend of the Queen amulet or a feature film “Tomiris”] Uploaded by 11 march, 2020, *Madeniportal.kz*, Accessed 02.07.2022. (In Kazakh)
- Hess, Rudolf. *25 izbrannyh knig po filosofii [25 selected books on philosophy]*. Almaty, Nacionalnoe byuro perevodov, 2018. (In Russian)

Teoriya literatury: Antologiya. [Theory of Literature: An Anthology]. Volume 2. Editors Dzhuli Rivkin i Majkl Rajan. Almaty, National Translation Bureau, 2019. (In Russian)

Kosarev, Aleksandr. *Filosofiya mifa. Mifologiya i ee evristicheskaya znachimost [Philosophy of Myth. Mythology and its heuristic significance].* Moskva, Znanie, 2000. (In Russian)

Grincer, Pavel. *Epos drevnego mira. Tipologiya i vzaimosvyaz literatur drevnego mira [An epic of the ancient world. Typology and interrelation of literatures of the ancient world].* Moskva, Vostok, 1971. (In Russian)

Sinha, Bikash. *Serpent Worship in Ancient India.* London, Scholarly Pub-ns, 1979.

Zhaksylykov, Aslan. *Obrazy, motivy i idei s religioznoj sodержatel'nostyu v proizvedeniyah kazahskoj literatury: tipologiya, estetika, genesis [Image, motives and ideas with religious content in the works of Kazakh literature: typology, aesthetics, genesis].* Almaty, Kazakh University, 1999. (In Russian)

Мағайын, Muhtar. «Ulttyń kúre tamyry» [“Roots of the nation”]. *Juldyz*, №2 (26), 2015, pp. 117–125. (In Kazakh)

Pomyalov, Aleksandr. «Sverhoboroten, kak avtorskij sposob poznanie bytiya v romane Viktora Pelevina «Svyashennaya kniga oborotnya» [The Super-Werewolf, as the author’s way of cognition of being in Victor Pelevin’s novel «The Sacred Book of the Werewolf»]. *Zhurnal nauchnyh publikacij aspirantov i doktorantov*, 2010, №6(48), pp. 116–121. (In Russian)

Kasyanov, Aleksandr. «Obraz «volka» v romane V. Pelevina «Svyashennaya kniga oborotnya» [“The image of the “wolf” in V. Pelevin’s novel «The Sacred Book of the werewolf»]. *New philological bulletin*, 2008, № 2(7), pp. 73–76. (In Russian)

Мурат Холганат

Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова
(Алматы, Казахстан)

Алма Айдар

Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова
(Алматы, Казахстан)

ИНТЕРПРЕТАЦИЯ НЕОМИФОЛОГИЗМОВ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСКОМ КИНО

Аннотация. В статье рассматривается проявление неомифологизмов в казахском кино с точки зрения современных научных изысканий и содержательной формы и исследуется в контексте современного направления метомодернизма. Мифологический характер в казахском кино мы наблюдаем в кадрах первых художественных фильмов. Тем не менее, современная киноиндустрия движется к процессу изменения нового времени, новых технологий. «Нео» мифологемы в пространстве казахского киноискусства претерпели трансформацию в зависимости от формы и идеи.

В исследовании рассматриваются мифологемы в области национального кино, начиная с исторического ракурса XX века и заканчивая современностью. Кроме того, образ общества в кино иллюстрируется различными мифико-сюжетными узорами, с целью анализа тематико-идейного контента. Изменения, происходящие в культурном пространстве, проникли сначала в литературные произведения, а затем через мифологию и мифологемы, оказавшись на экране в форме «неомифологизма». Цель исследования – всестороннее рассмотрение общенациональной или личностной интерпретации неомифологии в современном казахском кино. Интерпретация означает «дать понимание». Например, интерпретация в музыке может быть отредактирована с учетом понимания обработчика или исполнителя любого произведения.

В основной части исследования художественные фильмы, имеющие мифологическое содержание в современном казахском кино, сгруппированы в одну научную систему, в которой неомифологизмы анализируются относительно исследованиями отечественных и зарубежных ученых. Мифические взгляды и выводы зарубежных исследователей Артура Шопенгауэра, Павла Гринцера, Зигмунда Фрейда, Яна Нанси приобретают относительный характер. Элементы неомифологии в таких фильмах как кинорежиссера Ермека Турсынова «Шал» (2016), Сабита Курманбекова «Оралман» (2019), Акана Сатаева «Томирис» (2015) описываются на основе фольклорных, мифологических, философско-исторических образов. Так, неомифологическая картина легенды о волке в фильме «Шал» раскрывает значение духовной ценности казахов.

В исследовании нашли применение историко-этнографические, киноведческие, искусствоведческие, культурологические, сравнительно-аналитические, а также эмпирические, теоретические и методологические методы. Работы казахстанских, российских и зарубежных авторов, изучавших термин «неомифологизм», были проанализированы по каждому историческому периоду. Результаты научной статьи будут посвящены отечественным и международным искусствоведам и специалистам в области киноведения, проводящим исследования о проявлении неомифологии в киноискусстве.

Ключевые слова: миф, мифологема, неомифологизм, современное искусство, концептуализм, эстетика, интерпретация, казахское кино, литература, модернизм, метамодернизм, тенденция, процесс.

Для цитирования: Мурат, Холганат и Алма Айдар. «Интерпретация неомифологизмов в современном казахском кино». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 8, № 4, 2023, с. 133-150, DOI: 10.47940/cajas.v8i4.745.

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Murat Kholganat

Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts
(Almaty, Kazakhstan)

Alma Aidar

Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts
(Almaty, Kazakhstan)

INTERPRETATION OF NEO-MYTHOLOGISM IN MODERN KAZAKH CINEMA

Abstract. The article examines the manifestation of neomythologisms in Kazakh cinema from the point of view of modern scientific research and content form and is considered in the context of the direction of modern metomodernism. Mythological character in Kazakh cinema is fashionable to observe in the frames of the first feature films. Nevertheless, the modern film industry is moving towards the process of change of new times, new technologies and deeper understanding. “Neo” Mythologems in the space of Kazakh cinema art have undergone a transformation depending on the form and idea. The main reasons for this situation have arisen as a result of the integration of global culture.

The study examines mythologemes in the field of national cinema from the historical perspective of the twentieth century to the present day. In addition, the image of society in cinema is illustrated by various mythic and story patterns in order to analyze the thematic and ideational content. The changes taking place in the cultural space penetrated first into literary works, and then through mythology and mythologems, appearing on the screen in the form of “neo- mythologism”. The purpose of the study is a comprehensive examination of the national or personal interpretation of neo-mythology in modern Kazakh cinema. For instance, an interpretation in music can be edited taking into account the understanding of the handler or performer of any piece. In the main part of the study, feature films with mythological content in modern Kazakh cinema are grouped into one scientific system in which neo-mythologisms are analyzed with respect to the research of domestic and foreign scientists. The mythical views and conclusions of foreign researchers Arthur Schopenhauer, Pavel Grinzer, Sigmund Freud, Jan Nancy acquire a relative character. Elements of neo-mythology in such films as film director Ermek Tursynov’s “Shal” (2016), Sabit Kurmanbekov’s “Oralman” (2019), Akan Sataev’s “Tomiris” (2015) are described on the basis of folklore, mythological, philosophical and historical images. For example, the neo-mythological picture of the legend of the wolf in the film “Shal” reveals the meaning of the spiritual value of the Kazakhs.

The research uses historical and ethnographic, film studies, art criticism, cultural studies, comparative and analytical, as well as empirical, theoretical and methodological methods. The works of Kazakhstani Russian and foreign authors who studied the term “Neo- Mythologism” were analyzed for each historical period. The results of the scientific article will be devoted to domestic and international art historians and specialists in the field of film studies conducting research on the manifestation of neo-mythology in cinematography.

Keywords: myth, mythologem, neo-mythologism, contemporary art, conceptualism, aesthetics, interpretation, Kazakh cinema, literature, modernism, metamodernism, trend, process.

Cite: Murat Kholganat, Alma Aidar. “Interpretation of neo-mythologism in modern Kazakh Cinema”. *Central Asian Journal of Art Studies*, vol. 8, no. 4, 2023, pp. 133-150, DOI: 10.47940/cajas.v8i4.745.

The authors have carefully reviewed and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interest.

Авторлар туралы мәлімет:

Сведения об авторах:

Information about the authors:

Холганат Мурат – 3-курс PhD докторанты, «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының оқытушысы, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (Алматы, Қазақстан)

Холганат Мурат – PhD докторант 3-го курса, преподаватель кафедры «История и теория кино» Казахской национальной академии искусств имени Темирбека Жүргенова (Алматы, Казахстан)

Murat Kholganat – 3-d year Ph.D Student, Lecturer of the «History and Theory of Cinema» Department, Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts (Almaty, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0002-9422-7542
E-mail: kolganat@mail.ru

Айдар Алма – PhD докторы, «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (Алматы, Қазақстан)

Айдар Алма – доктор PhD, старший преподаватель кафедры «История и теория кино» Казахской национальной академии искусств имени Темирбека Жүргенова (Алматы, Казахстан)

Alma Aidar – PhD, Senior lecturer of the «History and Theory of Cinema» Department, Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts (Almaty, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0002-3183-0272
E-mail: almaaidar@mail.kz